

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТІҢ БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Зұлхайырова А. П., Ешенгазина Г.С.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Барлық адам білім алуға құқылы. Еліміздің 2002 жылғы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзу арқылы қолдау туралы» заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психолого-медицина-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде тегін оқуға құқылы делінген.

Атап айтсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылы Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген. Сонымен қатар, 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» атауға болады. Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі – еліміздегі инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады. Мұндай білім мүмкіндігі шектеулі балаларды өзге оқушылармен тең дәрежеде жалпы білім беру процесіне қатысуға жол ашады.

Ж.Д. Махамбетованың «Открытая школаға» берген «Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы» атты мақаласында инклюзивтің басты мақсаты деп мынаны көрсетеді: «Инклюзивтің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру ғана емес, ол «барлығы үшін бір мектеп» мақсатын көздейді» [1, 67 б]. Бұл мақсатты біз балалардың бір бірін шектеспей қарым-қатынас жасауына білім беруде де ешқандай мүмкіндігі шектелмеуі алып келеді деген көзқарасқа келеміз.

Инклюзивті білім беру жайлы айтқанда жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет, сонымен қатар, баланың дамуына жағдай тудыратын балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральды-психологиялық климат орнауы қажет.

Аталмыш климатты орнату үшін инклюзивті білім беру мына қағидаларды басшылыққа алады:

- кемшілігіне байланысты құқын шектемеу;
- адами қасиеттерін және құқығын сыйлау;
- білім берудің қолжетімділігі.

С.Мұхамбетованың Қазақстан мектебіне берген «Инклюзивті білім беру негізінде тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушыларды оқыту» атты мақаласында инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша реттеледі делінген. Олар мына төмендегілер:

- жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы [2, 36 б]. Бұл бағдарламалар жоғарыда атап өтілген мақсатқа жетудің жолдары деп түсінеміз және бұл бағдарламалар балалардың ерекшеліктерін білгеннен кейін ғана қолданысқа өтеді. Ерекше білім беруде қажеттілігі бар балаларды оқытудағы ең алғашқы саты ол диагностика. Диагностика негізінде бірнеше бағыттардан тұрады.

Диагностикалық бағыт:

- баланы алғашқы дефектологиялық тексеру;

- баланың психикалық дамуының динамикасын жүйелі түрде кезең бойына бақылау;
- баланың даму деңгейіне әсер еткен әдіс-тәсілдер мен таңдалған бағдарламаның тиімділігін анықтау;
- оқушының жеке ерекшеліктерін, танымдық қызметін, ерік-жігер саласын, отбасындағы тәрбиелік жағдайдың даму ерекшеліктерін зерттеу;
- жалпы білім беретін мектептің бағдарламасын меңгерудің деңгейін анықтау;
- компенсаторлық мүмкіндіктерді іздеп табу;
- баламен жұмыстың бағыттарын айқындау мен бала дамуындағы ауытқулардың алдын алу;

Сонымен диагностика мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

Баланы алғашқы тексеру. Оның мақсаты: баланың жақын даму аймағы мен актуалды даму аймағын, оқу барысындағы қиыншылықтардың себептері мен механизмдерін анықтау.

Баланы динамикалық тексеру – оқыту процесінде оқушының даму деңгейіне таңдалған оқытудың түрі, әдістер мен тәсілдердің сәйкестігін анықтау, баланың даму динамикасын бақылап отыру мақсатында жүргізіледі. Сонымен бірге баланы динамикалық зерттеу баланың пән бойынша жеткен жетістіктерімен баланың даму нәтижесін салыстыруды көздейді. Баланың оқу дағдыларының қалыптасқандығын (ақпаратты қабылдауы, оқу қызметін ұйымдастыра алу, өзін-өзі бақылау) тексеріледі.

Кезеңдік диагностика – бұл диагностиканың түрі баламен жүргізілген түзете-дамыту жұмысының баланың оқу-танымдық қызметіне тигізген әсерінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Түзете-дамытудың бағдарламасының игеру деңгейінің нәтижесін бағалағанда баланың білім-білік дағдылары игеруге қажет танымдық қабілетінің қаншалықты қалыптасқандығына ғана емес, баланың игерген білімін берілген мәселеде өз бетімен қаншалықты қолдана алатынына көңіл бөлінеді.

Ағымдық диагностика – бұл диагностика әртүрлі мамандар тарапынан (психолог, логопед, сынып жетекшісі, пән бойынша ұстаздардың) сұрауы бойынша жүргізіледі [1, 67 б]. Бұл диагностиканың белгілі бір өткізу уақыты болмайды. Ол жыл бойына сұрау бойынша жүргізіледі.

Баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудағы диагностикалық бағыттың тағы бір негізгі міндеттерінің бірі – бастапқы кезеңде баланың алда кездесетін қиыншылықтары мен оқу процесінде бүгінгі күні бар қиыншылықтардың себебін, механизмін анықтау болып табылады.

Диагностикалық жұмыстың негізгі қағидалары: жан-жақтылық, кешенділік, жүйелілік, тұтастық. Аталған қағидаларды ескере отырып әр педагог-ассистент өз бағыты бойынша балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.

Педагог-ассистент диагностиканы 12 бағыт бойынша жүргізеді:

- Сенсорлы-перцептивті жағдай;
- Зейіні;
- Есте сақтауы;
- Ойлауы;
- Сөйлеу ерекшеліктері;
- Өзін-өзі бағалауы;
- Ерік-жігері;
- Психомоторлық жағдайы;
- Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы;
- Оқу біліктілігі;
- Еңбек біліктілігі;
- Коммуникативтілігі;

Әр бағыт арнайы диагностикалық әдістермен тексеріліп, қорытындыланып тиісінше балл қойылады. Шығарылған балға сәйкес психологиялық-педагогикалық профиль толтырылады. Профиль- баланың даму деңгейін көрсететін құжат [1, 68 б]. Профиль баланың қатар даму зонасын анықтап береді.

Ата-аналарға кеңес беру немесе мұғалімдерге бір реттілік немесе жиі (аптасына, айына, тоқсанға бір рет) көмек көрсетілуі мүмкін.

И.Г. Елисеева мен А.К. Ерсаринаның «Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» атты әдістемелік нұсқаулығында педагог-ассистенттің көмегін ашып көрсетеді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар кейбір балаларға табысты оқуы үшін жеке көмекшінің көмегі қажет болады. Жеке көмекшінің қызметіне екі функция кіреді:

а) балаларға физикалық көмек көрсету мақсатында қолдау көрсетуші тұлғаның функциясы;

б) сыныптағы оқу жұмысына көмек көрсету мақсатында педагог-ассистенттің функциясы [3, 21 б].

Ерекше білім беру кезінде жүргізілетін жұмыстарға барлауды кесте түрінде көрсетейік.

Бағалау тәсілдері (рәсімдері) мен бақылау материалдарын өзгерту ықтималдығы 1-кестеде көрсетілген.

Оқытудың нәтижесін бағалау әдістерін өзгерту	
	Мұғалімнің қайталау, бояу, қысқаша, ауызша нұсқаулығы (жазбаша нұсқаудың орнына).
	Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру.
	Тапсырманы тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру.
	Планшет, ноутбукты қолдану арқылы бақылау тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беру.
	Басқа.
Бақылау материалдарын өзгерту.	
	Нұсқаулықты қайта құрастыруға бейімдеу: тапсырманы орындау кезеңіне сәйкес бірнеше бөлімге бөлу.
	Бақылау тапсырмаларының санын азайту.
	Барлық сыныпқа арналған бақылау тапсырмаларынан өзгеше жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес)
	Бақылау тапсырмасын орындауын жеңілдететін иллюстративті және тірек материалдарды (кесте, сызба, үлгі, сөздік материалдар) қолдану.
	Басқа.

2-кесте. Оқу тапсырмаларын бейімдеу және оларды оқушыға ұсыну тәсілдері.

Оқу тапсырмаларын бейімдеу және оларды оқушыға ұсыну тәсілдерінің нұсқаулары	
	Уақыт аралығында тапсырмалар саны азаяды.
	Оқу тапсырмалары қысқартылады.
	Оқу, жазу үшін мәтін қысқартылады.
	Басқа оқушылар орындайтын тапсырмалардан ерекшеленетін жеке тапсырмалар ұсынылады.
	Тапсырманы орындау үшін қысқартылған және кезеңікөрсетілген нұсқаулықтар ұсынылады.
	Жаттығуды қайталау және меңгергенді бекіту үшін көп уақыт бөлінеді.
	Ауызша түсіндіру ыммен, суретпен, картинкамен, заттармен жүргізіледі.
	Сабақта көбінесе оқушының әрекет түрі ауысады.
	Жаттауға берілетін ақпарат саны азаяды.
	Жазу барысында оқушыға дауыстап жазуға рұқсат беріледі.
	Сабақта меңгерілетін жаңа сабақтың мәнін ашу үшін оқушыға заттық-тәжірибелік қызмет ұсынылады [3, 15-16 б].

Жалпы сынып жағдайында мынандай арнайы әдістер қолдануға болады: «кішіқадамдар»; заттық қызмет пен көрнекі құралдарға; «сөйлеу тілін жандандыру»; заттық және ақыл-ой әрекетіне «алдыға қарай жылжу», меңгергенді үзбей қайталау; меңгерілген ұғымды салыстыру және қарама-қайшы қою амалдарын қолдану және т.б. бұл әдістер сыныптың басқа оқушыларына да оқу материалдарын жемісті меңгеруге септігін тигізеді. Оқытудағы баламалы (альтернативті) әдістер жеке психикалық қызметтердің (қабылдау, есте сақтау, зейін, праксис) бұзылыстарына негізделген оқытуда ерекше қиындықтары бар балаларға жиі қолданылады. Оқытудың баламалы әдістеріне мына әдістер кіріктіріледі: глобалды оқыту, «Нумикон» әдісі арқылы санауға үйрету, Монтессори жүйесі және басқа да жаңа психологиялық-педагогикалық әдістер [4, 15 б].

Педагог-ассистент оқушыға оқу процесіне еруге көмектеседі, ұйымдастырады, бағыттайды, жағымсыз мінез-құлықты, эмоциялық және мінез-құлқындағы теріс әрекеттерінің алдын алады. Ол баланың мінез-құлқын бақылай отырып, өз бетінше оқу дағдыларын меңгеруге үйретеді, әрі қарай баланың өзі жасайтын жұмыстарын дербес орындауға қолдау көрсетеді. Жеке көмекші қолдауды төмендету барысында жұмыс атқаруы қажет [5, 13 б]. Жекелік қолдаудың негізгі және соңғы мақсаты – баланың сыныптағы және мектептегі толықтай дербестігі. Оқушыға жеке қолдау көрсетуде ассистенттің қатысуын азайту төмендегідей ретпен жүргізіледі:

- толық қолдау көрсету – ассистенттің оқушымен бір партада отыруы;
- біртіндеп алшақтату – оқушы партада, ал ассистент оқушыға бағыттаушы және ұйымдастырушы көмек көрсетіп артында отырады. Кейіннен ассистент тек бөлектенген сабақтарға ғана қатысуына болады;
- Сыныпта өздігімен жұмыс жасайды – оқушы ассистентсіз партада өзі отырады.

Мінез-құлқында ерекшелігі бар баламен жұмыс жасауда педагог-ассистенттің арнайы дайындығы болуы қажет (психология және арнайы педагогикалық жоғары білімі негізінде).

Психикалық және дене дамуы мен мінез-құлқы бұзылған балаларға педагог-ассистент қызметін ұсыну ПМПК ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады [3, 22 б]. Мектептің қолдау қызметін өз шешімімен жеңіл мінез-құлқы проблемалары мен сыныптағы жұмысқа бейімделудің қиындықтары бар балаларға бір тоқсанға педагог-ассистент қызметін ұсынаалады. Егер демұндай көмекалдағы уақытта да көрсетілу қажет болса, онда баланың ерекше білім алу қажеттілігін растау үшін ПМПК қорытындысын алуға бағыттау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Открытая школа. Махамбетова Ж.Д. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы. №7(128) сентябрь 2013 -73 бет

2 Қазақстан мектебі. Сәуле Мұхамбетова. Инклюзивті білім беру негізінде тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушыларды оқыту. №9, 2015 (1076) қыркүйек; - 64 бет.

3 Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс. нұсқаулық/Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.

4 Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, Юнеско 2009г

5 Лубовский В.И. «Образование для всех» опыт ЮНЕСКО// Вестник Российского общественного совета по развитию образования. Выпуск 15.2012. – С. 12-15.